

"Қазақстан Республикасы мен Үндістан Республикасы арасындағы Азаматтық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шарттың жобасын дәйектеу туралы"

Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 17 ақпандағы № 144 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

«Қазақстан Республикасы мен Үндістан Республикасы арасындағы Азаматтық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шарттың жобасын дәйектеу туралы»  
Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасы мен Үндістан Республикасы арасындағы

Азаматтық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шарттың жобасын дәйектеу туралы

### ҚАУЛЫ

### ЕТЕДІН:

1. Қазақстан Республикасы мен Үндістан Республикасы арасындағы Азаматтық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шарттың жобасы макұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Үндістан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Дулат Оразбекұлы Қуанышевқа Қазақстан Республикасының атынан қагидаттың сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, ол көрсетілген шарттың жобасын дәйектесін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан

Республикасының

Президенті

Н. Назарбаев

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

2011

жылғы

«\_ \_»

№

— — —

Жарлығымен

макұлданған

— — —

**Қазақстан Республикасы мен Үндістан Республикасы арасындағы  
Азаматтық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы  
шарт**

Бұдан әрі «Уағдаласуши Тараптар» деп аталатын Қазақстан Республикасы мен  
Үндістан Республикасы,  
екі ел арасындағы достық пен сот және құқықтық салада жемісті  
ынтымақтастықтың байланыстарын нығайтуға ниет ете отырып,  
осы Шарт шеңберінде азаматтық істер бойынша құқықтық көмек көрсетуді  
жеңілдету қажеттігін тани отырып,  
төмендегілер туралы келісті:

**1-бап**

**Жалпы ережелер**

1. Осы Шартты іске асыру шеңберінде және өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес  
Уағдаласуши Тараптар бір-біріне азаматтық істер бойынша өзара құқықтық көмек  
көрсетеді.

2. Осы Шартқа сәйкес құқықтық көмек:

- 1) Соттың шақыру қағазын және басқа да сот материалдарын тапсыруды;
- 2) сұрау салу немесе тапсырма арқылы күәгерлік айғақтар алуды;
- 3) сот және төрелік шешімдерді тану мен орындауды қамтиды.

3. Осы Шарттың ережелері Уағдаласуши Тараптар қатысушылары болып  
табылатын басқа халықаралық шарттардан туындағының құқықтар мен міндеттемелерді  
қозғамайды.

4. Осы Шарт ол күшіне енгеннен кейін туындаған азаматтық істерге қатысты өзара  
құқықтық көмек көрсету туралы барлық сұрауларға қолданылады.

**2-бап**

**Орталық органдар және құжаттардың түпнұсқалығын анықтау**

1. Құқықтық көмек көрсету туралы сұраулар Уағдаласуши Тараптардың орталық  
органдары арқылы жүзеге асырылады.

2. Орталық органдарға:

Қазақстан Республикасы тарапынан - Әділет министрлігі,  
Үндістан Республикасы тарабынан - Құқық және әділет министрлігі жатады.  
Әрбір Уағдаласуши Тарап Орталық органды ауыстыру құқығын өзінде қалдырады  
және ол туралы басқа Уағдаласуши Тарапты дипломатиялық арналар арқылы дерек  
хабарда

3. Егер өзгеше көзделмесе, құқықтық көмек көрсетуге байланысты барлық құжаттарға уәкілетті тұлға қол қояды және сұрау салушы Тараптың Орталық органы куәландыратын соттың немесе басқа құзыретті органның мөрімен бекітіледі.

4. Барлық сұрау салулар және ілеспе құжаттар екі данада беріледі және сұрау салынған Тараптың мемлекеттік тіліне аудармамен жүруі тиіс.

### 3-бап

#### **Сот шақыру қағазын және басқа да құжаттарды тапсыру**

1. Соттың шақыру қағаздары және басқа да іс материалдары:

1) Қазақстан Республикасы жағдайында заңды құзырына тиісті тұлғалардың қатысумен іс қарау жататын соттар немесе басқа да уәкілетті органдар арқылы;

2) Қазақстан Республикасы жағдайында заңды құзырына тиісті тұлғалардың қатусымен іс қарау жататын соттар арқылы беріледі.

2. Соттың шақыру қағаздарын және басқа да сот құжаттарын тапсыру сұрау салынатын Тараптың заңнамасына сәйкес не егер осы әдіс сұрау салынатын Тараптың ұлттық заңнамасына қайшы келмесе, сұрау салушы Тарап анықтаған арнайы әдіспен жүзеге асырылады.

3. Осы Шарт шеңберінде жолданатын бір Тарап аумағында ресми ретінде қаралатын соттың шақыру қағаздары мен басқа да сот құжаттары басқа Тарап аумағында ресми құжаттардың дәлелді күшіне ие.

4. Осы баптың 1-тармағының ережелері Тараптардың қандай да бір күш қолдану әдістерін қолданусыз өздерінің дипломатиялық немесе консулдық өкілдіктері арқылы басқа Тараптың аумағында өз азаматтарына шақыру қағаздарын және басқа сот құжаттарын тапсыруды жүзеге асыру құқығын бұзбайды. Осындай жағдайларда тапсыру жүзеге асырылған аумақтағы мемлекеттің тарапынан жауапкершілікке алып келмейді.

5. Осы баптың 2-тармағына жататын мәселелер соттың шақыру қағаздары және басқа сот құжаттары пошта арналары арқылы жіберілуі немесе оларды еркімен қабылдайтын адресатқа жеткізілуі мүмкін.

6. Тапсыру жүзеге асырылуы тиіс аумақтағы Тараптың азаматы болып табылатын адресатқа қатысты кез келген талап осы Тараптың заңнамасына сәйкес анықталуы тиіс.

### 4-бап

#### **Сот құжаттарын тапсыру туралы сұрау салудың мазмұны**

Шақыру қағазын және басқа сот құжаттарын тапсыру туралы сұрау салуға қатысы бар тұлғалардың аты-жөнін, олардың азаматтығы, кәсібі және тұрғылықты жері немесе

келу орны туралы мәліметтерді және осы тұлғаға тапсырылуға тиіс құжаттар тізімін қамтуы тиіс. Егер құжаттарды тапсыру тапсырудың өзге тәсілін көздейтін жағдайда, онда сұрау салудың мазмұнында бұл да көрсетілуі тиіс.

## 5-бап

### Сот құжаттарын тапсыру туралы сұрау салуды орындау

1. Соттың шақыру қағазын тапсыру барысында сұрау салу істің мәні бойынша жеткілікті заңды негізdemelerdі қамтымайтындығы негізінде бас тартылуы мүмкін.

2. Егер соттың қағазын тапсыру орындалмаса, сұрау салған Уағдаласушы Тарапқа оның себебі туралы дереу хабарлайды.

## 6-бап

### Сот құжаттарын тапсыру

1. Сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың уәкілетті органы құжаттарды тапсыруды өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес жүзеге асырады. Құжаттарды тапсырғаны үшін төлем немесе шығыстар үсталмайды.

2. Тапсыру сұрау салған Тарап көрсетілген тәсілімен, егер ол сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың ұлттық заңнамасына қайта келеді, тапсырудың арнайы тәсілімен байланысты шығыстардың одан әрі төлем мәнін көрсете отырып, жүзеге асырылуы мүмкін.

## 7-бап

### Құжаттарды және сот шақыру қағаздарын тапсыруды растау

1. Сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың құзыретті органдарының өкілеттігі алушыға сот құжаттарын тапсырумен шектеледі.

2. Тапсыру сот құжатының немесе шақыру қағазының көшірмелеріне немесе құзыретті орган берген анықтамаға алушының қолымен расталады, алда алушының аты, тапсыру күні және тәсілі көрсетіледі және тапсыру жүзеге асырыла алмаған жағдайда, тиісті себептері көрсетіледі.

3. Сот құжатының немесе құжаттарды алғанын растайтын адресат қол қойған құжаттың көшірмесі сұрау салған құзыретті органға Орталық Орган арқылы жіберілуі кәжет.

4. Жеткізілмеген жағдайда, сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың Орталық Органы сот құжаттарының түпнұсқаларын және жеткізілмеу себептерін жазбаша баяндаумен құжаттарды сұрау салған Уағдаласушы Тараптың Орталық органдына дереу қайтаруы тиіс.

## **8-бап**

### **Дәлелдемелерді алу**

1. Бір Уағдаласуши Тараптың сот органдары және басқа уәкілетті органдары өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес басқа Уағдаласуши Тараптың құзыретті сот органдарына жазбаша сұрау салу жолымен азаматтық істер бойынша дәлелдемелерді сұрата алады.

2. Осы Шарттың мақсаттары үшін дәлелдемелерді алу мыналарды:

1) сұрау салынған Уағдаласуши Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес тараптардың өтініштерін және куәгерлік айғақтарын алуды;

2) айғақтар осы баптың 1-тармақшасына сәйкес алынған тұлға сұрау салған және ұсынған құжаттарды, жазбаларды, материалдық дәлелдемелерді алууды, анықтауды немесе тексеруді қамтиды.

3. Жазбаша сұрау салуда:

1) дәлелдемелерге сұрау салған сот органы немесе басқа уәкілетті орган;

2) дәлелдемелер сұратылып жатқан істің сипаты және осы мәселе бойынша барлық қажетті ақпарат;

3) іс тараптарының атауы және мекенжайы;

4) сұрау салынған дәлелдемелер;

5) жауап алуға жататын тұлғалардың аты-жөндері және мекенжайлары көрсетіледі.

4. Қажет болған жағдайда жазбаша сұрау салу дау нысанасы бойынша куәгерлерге немесе басқа да мұдделі тұлғаларға қойылуы тиіс сұрақтар тізбесімен не тиісті тұлғалардан жауап алынып жатқан дау нысанасының сипаты, сондай-ақ дәлелдемелерді немесе өтінішті алу үшін қажетті құжаттармен бірге жүруі тиіс.

## **9-бап**

### **Дәлелдемелерді алу үшін сұрау салуды орындау**

1. Сұрау салынған Уағдаласуши Тараптың құзыретті органдары сұрау салуды өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес орындайды және дәлелдемелерді алған кезде мәжбүрлеу әдістерін қолдануды коса алғанда, ұлттық заңнамада рұқсат етілген әдістерді және рәсімдерді қолданады.

2. Сұрау салған Уағдаласуши Тарап сұрау салуда көрсетілген арнайы тәртіпті немесе рәсімді егер бұл оның қолданыстағы ұлттық заңнамасына қайшы келмесе, ұстанады.

3. Сұрау салу мүмкіндігінше қысқа мерзімде орындалады.

4. Сұрау салған Уағдаласуши Тарап өз қалауы бойынша іс бойынша тараптар немесе егер ондайлар бар болса, олардың өкілдері оған қатыса алатындей сот талқылауы өтетін уақыт пен орны туралы хабарлайды. Ақпарат сұрау салған Уағдаласуши Тараптың сұрау салумен бірге тараптарға немесе олардың өкілдеріне

**ж і б е р і л е д і .**

5. Егер сұрау салу орындалса, оның орындалғанын растайтын қажетті құжаттар сұрау            салушы            Уағдаласуши            Тарапқа            жіберіледі.

6. Егер сұрау салу толық орындалмаған немесе ішінара орындалған жағдайда, сұрау салған Уағдаласуши Тарапқа орындалмау себептерін көрсете отырып, бұл туралы хабарлайды.

## **10-бап**

### **Сұрау салуды орындаудан бас тарту**

1. Сұрау салған Уағдаласуши Тараптың сұрау салуын орындаудан мынадай жағдайларда :

1) егер сұрау салуды орындау сұрау салынған Уағдаласуши Тараптың соттарының немесе басқа құзыретті органдарының құзыретіне жатпаса;

2) егер сұрау салынған Уағдаласуши Тарап сұрау салуды орындау мемлекеттің егемендігін және қауіпсіздігін бұзады деп есептесе, бас тартылуы мүмкін.

2. Сұрау салынған Уағдаласуши Тарап заңнамаға сәйкес сот талқылауының нысаны бойынша ерекше құзыретке ие немесе оны жүргізуге құқығы жоқ деген негізде ғана сұрау салуды орындаудан бас тарта алмайды.

## **11-бап**

### **Сұрау салуды орындау кезінде шығыстарды өтеу**

1. Сұрау салынған Уағдаласуши Тараптың сұрау салуды орындауы және дәлелдемелерді алуы сұрау салған Уағдаласуши Тараптың кез келген нысандағы шығыстарды ұлғайтына әкеп соқпайды. Алайда, сұрау салынған Уағдаласуши Тарап:

1) куәгерлерге, сарапшыларға немесе аудармашыларға төленген шығыстармен, шығындармен ;

2) сұрау салуды орындау әдісті арнайы тәсілді қолдану нәтижесінде келген шығыстармен, шығындармен байланысты өтемақыны талап етуге құқығы бар.

## **12-бап**

### **Дипломатиялық өкілдің немесе консулдық қызметшінің дәлелдемелерді алуы**

Уағдаласуши Тараптардың бірінің дипломатиялық немесе консулдық қызметшісі басқа Уағдаласуши Тараптың аумағында ол өкілдік ететін Уағдаласуши Тараптың азаматтарына қатысты мәжбүрлі сипаттағы шараларды қолданбай, ол өкілдік ететін Уағдаласуши Тараптың соттарында басталған сот талқылауына көмекке дәлелдемелер ала алады.

## **13-бап**

### **Басқа тұлғалардың дәлелдемелерді алуы**

Сұрау салған Уағдаласуши Тараптың соттары тиісті түрде тағайындаған тұлға мәжбурлеусіз, басқа Уағдаласуши Тараптың аумағында, осы тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес дәлелдеме ала алады.

## **14-бап**

### **Сот шешімін мойындау және орындау**

1. Уағдаласуши Тараптардың бірі өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес азаматтық істер бойынша басқа Уағдаласуши Тараптың соттары шығарған шешімдерді мойындаиды және/немесе орындаиды.

2. Осы Шартта қолданылатын «сот шешімі» термині Уағдаласуши Тараптардың құзыретті соттары сот ісін жүргізу бойынша қабылдайтын кез келген шешімді білдіреді

3. Осы Шарт банкроттық жағдайында кредиторлық талаптар сондай-ақ салықтар, айыппұлдар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша уақытша шараларға немесе сот шешімдеріне қолданылмайды.

## **15-бап**

### **Тұлғаның өкілеттіктері мен мәртебесі**

Тұлғаның өкілеттіктері немесе мәртебесі мәселесін көздейтін істі қарауды талап арыз берген сэтте осы тұлға азаматы болып табылатын Уағдаласуши Тараптың соты құзырлы шешуі тиіс.

## **16-бап**

### **Меншік құқықтарын анықтау**

Жылжымайтын мүлікке меншік құқығын осы мүліктің орналасқан жері бойынша Уағдаласуши Тараптың соттары анықтайтын.

## **17-бап**

### **Соттардың занды құзыры**

Тұлғаның өкілеттіктері мен мәртебесіне немесе жылжымайтын мүлікке қатысты істерді қоспағанда, сұрау салынған Уағдаласуши Тараптың соттары занды құзырын мынадай жағдайда жүзеге асырады:

1) егер талап-арыз берген сэтте жауапкердің тұрғылықты жері болса немесе оның

## **а у м ағы на**

**к е л с е ;**

2) егер талап-арыз берген сэтте жауапкердің, оның аумағында занды тұлғасы (кәсіпорны/мекемесі) немесе оның филиалы болса және оның аумағында осындай занды тұлғаның (кәсіпорынның/мекеменің) немесе оның филиалының қызметімен баяланысты

**б о л с а ;**

3) егер талапкер мен жауапкер арасындағы тікелей немесе жанама келісім бойынша сот ісін жүргізу қозғалған шарттық міндеттемелер оның аумағында орындалса немесе орындалуы

**т и і с**

**б о л с а ;**

4) егер оның аумағында шарттық емес жауапкершілікке әкелетін әрекет жүзеге асырылған

**ж ағ да й да ;**

5) егер жауапкер оның соттарының занды құзырын нақты немесе жанама мойындаса және ол оның ұлттық заңнамасына қайшы келмесе;

6) егер оның соттары осы Шарт ережелеріне орай негізгі дауды тыңдауға уәкілетті болса, қосымша шаралар қабылдау.

## **18-бап**

### **Сот шешімін мойындау және/немесе орындау үшін негіздемелер**

1. Уағдаласушы Тараптың сұрау салынған соты сот шешімін оның ұлттық заңнамасына сәйкес мойындаиды және орындаиды.

2. Уағдаласушы Тараптың сұрау салынған соты сот шешімін оның осы Шарттың талаптарына сәйкестігіне қарайды.

3. Уағдаласушы Тараптың сұрау салынған соты осы Шартқа сәйкес сот шешімін мойындауға немесе/және орындауға қатысты рәсімдерге қатысты қосымша ақпаратқа сұрау сала алады.

## **19-бап**

### **Сот шешімін мойындаудан және орындаудан бас тарту**

Сот шешімін мойындаудан және орындаудан, егер сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес бұл сот шешімі мойындалмаған және орындалмаған болса, бас тартылуы мүмкін.

## **20-бап**

### **Сот шешімін мойындауға және/немесе орындауға қатысты рәсімдер**

Сот шешімін мойындауға және/немесе орындауға қатысты рәсімдер сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес қолданылуы тиіс.

## **21-бап**

### **Құзыретті сот**

1. Сот шешімін мойындаған және/немесе орындаған кезде сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың құзыретті сот органы істі мәні бойынша қайта қарамайды және сот шешімі осы Шартта көзделген талаптарға сәйкес келетініне сенімді болуы және мұның нәтижелерін өз шешімінде көрсетуі тиіс.

2. Егер бұл ұлттық заңнамада көзделмесе, сот шешімін орындаған кезде сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың құзыретті сот органы жүртшылықтың қол жеткізуі үшін сұрау салған Уағдаласушы Тараптың аумағында қарау кезінде орын алатын осындай қажетті шараларды қабылдайды.

3. Сот шешімін орындауды, егер сот шешімін орындау ішінара жүзеге асырылуы мүмкін болса, сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың құзыретті сот органы толығымен немесе ішінара жүргізуі мүмкін.

## **22-бап**

### **Сот шешімін мойындау және/немесе орындау үшін ұсынылатын құжаттар тізімі**

Сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың Орталық органы арқылы сот шешімін мойындау немесе орындау туралы сұрау салуды жіберетін сұрау салған Уағдаласушы Тараптың орталық органы мыналарды:

- 1) тиісінше орындалған нысандағы сот шешімінің ресми көшірмесін;
- 2) егер бұл сот шешімінің өзінде көрсетілмесе, сот шешімінің түпкілікті және орындауга жататыны туралы анықтаманы;
- 3) сот шешімі сырттай қабылданған жағдайда - жауапкерге тиісті түрде хабарланғанын қуәландыратын шақыру қағазының немесе өзге де құжаттардың күәландырылған көшірмесін;

4) егер ішінара орындауга жол берілсе, сот шешімінің ішінара орындалуын растайтын құжатты ұсынуы тиіс.

## **23-бап**

### **Талаптарды реттеу (бітімгершілік келісім)**

1. Талаптарды реттеу (бітімгершілік келісім) Уағдаласушы Тараптардың кез келгенінің олардың ұлттық заңнамасына сәйкес талапты қарауға уәкілдеп құзыретті соты қол жеткізген және макұлдаған талаптарды реттеу (бітімгершілік келісім) басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында, ол оны жасаған мемлекетте орындалғаннан кейін және сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың ұлттық заңнамасына қайшы келмесе, мойындалады және орындалады.

## **24-бап**

### **Төрелік шешім**

1. Осы Шарттың 20 және 23-баптарының ережелерін бұзбай, Уағдаласуши Тараптың бірінің аумағында шығарылған төрелік шешімді:

1) төрешілердің шешімі құқықтық қатынастардан туындаған кез келген дауды шешуде оларға беру мақсаты бар сот талқылауы тараптарының жазбаша келісіміне негізделген;

2) төрелік шешім сұрау салған Уағдаласуши Тараптың сот шешімін мойындау және орындау үшін сұрау салынған Уағдаласуши Тараптың заңнамасына сәйкес төрелік талқылаудың мәні болуы мүмкін мәселеге қатысты шығарылған кезде басқа Уағдаласуши Тарап мойындайды және орындайды.

2. Төрелік шешімді мойындауға немесе орындауға сұрау салған Уағдаласуши тарап төрелік шешімнің көшірмесін және төрелік шешім орындалатын болса, растайтын сот анықтамасын

ұснады.

3. Төрешілерге даулы мәселені шешуге уәкілеттік беретін дауласуши тараптар арасындағы келісімнің куәландырылған көшірмесі ұсынылады.

## **25-бап**

### **Толықтырулар және түзетулер**

Уағдаласуши Тараптардың өзара келісіүі бойынша осы Шартқа тиісті хаттамамен ресімделген, осы Шарттың 27-бабы 1-тармағында көзделген тәртіппен күшіне енетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

## **26-бап**

### **Консультациялар**

Уағдаласуши Тараптардың кез келгенінің сұрау салуы бойынша олар осы Шартты түсіндіру мен қолдануға қатысты консультация алады.

## **27-бап**

### **Ратификациялау және қолданылуын тоқтату**

1. Осы Шарт ратификациялауға жатады және ратификациялау грамоталарымен алмасқан

күні

күшінде

енеді.

2. Осы Шарт белгіленбеген мерзімге жасалады және оның қолданылуын тоқтату

ниеті туралы дипломатиялық арналар арқылы Уағдаласуши Тараптардың бірі екінші Уағдаласуши Тараптың жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап алты ай өткенге дейін күшінде болады.

\_\_\_\_\_ қаласында \_\_\_\_\_ жылғы «\_» \_\_\_\_\_ әрқайсысы орыс, хинди және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды, барлық мәтіндердің бірдей күші бар.

Алшақтықтар туындаған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін басымдыққа ие болады.

Қазақстан Республикасы

үшін

Үндістан Республикасы

үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК